

Қосылу шарты (бұдан әрі – Шарт) ТОО «Ломбард «Доверие» (бұдан әрі - Ломбард) Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 389-бабында көзделген тәртіппен шағын несие ұсыну жөніндегі шарттар жасау мақсатында әзірленді. Шартында Ломбард қарыз алушыға шағын несие берудің талаптары айқындалған, оған қарыз алушы тұтастай қосылады.

Осы Шарттың талаптары стандартты (үлгі) нысанда анықталған және тек ұсынылған Шартқа толық қосылу арқылы, соның ішінде Шартқа қосылу жөнінде өтініш беру арқылы қабылдануы мүмкін (Шарттың №1 Қосымша), Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

Шарт танысу үшін мекен-жайы бойынша интернет-ресурста орналастырылған және ломбардтың құрылымдық бөлімшелерінде басылған түрінде жарияланған.

Қарыз алушының Қосылу шарттарды қабылдауы, Қарыз алушы шағын несие ұсыну шартының жеке талаптарын айқындайтын және осы талаптарға сілтемесі бар Кепіл билетіне (Шарттың №2 Қосымша) қол қоюымен растайды. Келісім шарттар мен кепілдік билеттің арасында қайшылық болған жағдайда, кепілдік билеттің күші басым болады.

1. ЖАЛПЫ ШАРТТАР

1.1. Кепілдік билеттің берілген күні: 1 наурыз 2025 ж.

1.2. ТОО «Ломбард «Доверие» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, ТОО «Ломбард «Доверие» кассир-қабылдаушы ***** , №3/24 от 05.09.2024 года сенімхат негізінде әрекет өтеді, бұдан әрі «Ломбард», бір жағынан және, *****, ЖСН *****, Жеке куәлік № ***** ҚР ИМ 12.04.2018 ж. берілді, бұдан әрі «Қарыз алушы» деп аталып, екінші тараптан, бірлесіп Тараптар, ал жеке-жеке Тарап деп аталып, Кепілдік билетін беру жолымен жасалатын микрокредит беру туралы осы шартты (бұдан әрі - Кепілдік билет) жасасып, қол қойды.

1.3. Ломбард Қарыз алушыға **67000 (Алпыс жеті мың теңге)** сомасында микрокредит береді.

1.4. Микрокредит Өтеу кестесіне сәйкес **30** күнтізбелік күн мерзімге беріледі (Шарттың №3 Қосымша). Бұл ретте, «Шағынқаржы қызметі жөніндегі» ҚР Заңының 4-бабы 3-1-тармағына сәйкес шағын несиені өтеу кестесіне қол қойылмайды және қоса берілмейді. Шағын несиені өтеу шағын несие мерзімінің соңында біржолғы төлеммен жүзеге асырылады.

1.5. Пайыздық мөлшерлемесі **0.2933%** күніне берілген микрокредит сомасынан тұрады, бұл күніне **197** теңгені құрайды. Жылдық тиімді пайыздық мөлшерлемесі 179% (келісім жасалған жағдайда тармағына сәйкес 3-4 баптасының 4 МҚҚ заңның туралы жатпайды).

1.6. Артық төлем сомасы: **5910 (Бес мың тоғыз жүз он теңге)**.

1.7. Өтеу тәсілі: бір жолғы, қолма-қол ақшамен – касса арқылы не электрондық терминалдар арқылы, қолма-қол ақшасыз тәсілмен - ұйымның банктік шотының деректемелерін көрсете отырып.

1.8. Микрокредитті өтеу әдісі: біржолғы.

1.9. Қарыз алушымен жасалған Шарт қосылу және Кепілдік билет бойынша Қарыз алушы жүргізген төлем сомасы, егер ол Кепілдік билет бойынша Қарыз алушының міндеттемесін орындау үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Қарыз алушының берешегін келесі кезектілікпен өтейді:

1) мәжбүрлеп соттан тыс және сот тәртібімен Қарыз алушының берешегін өндіріп алу бойынша Ломбардтың шығыстары;

2) тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл);

3) сыйақы бойынша берешек;

4) негізгі борыш бойынша берешек.

1.10. Негізгі борышты уақтылы өтемегені және сыйақыны төлемегені үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) мөлшері және есептеу тәртібі:

1) негізгі борышты және сыйақыны уақтылы өтемегені үшін тұрақсыздық айыбының мөлшері әрбір күнтізбелік күн үшін орындалмаған міндеттеме сомасының 0.3%;

2) тұрақсыздық айыбын Ломбард сыйақыны төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындау күнінен кейінгі күннен бастап міндеттемелерді орындау мерзімін өткізіп алғаны үшін есептейді. Егер Қарыз алушы Кепілдік мүлікті кепілдік мерзімі аяқталғаннан кейін өтеуін төлеп сатып алса, тұрақсыздық айыбы Кепілдік мүлікті сатып алу күнін қоса алғанда, мерзімі өткен, бірақ мерзімі өткен күннен бастап 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен аспайтын барлық кезең үшін есептеледі.

1.11. Қарыз алушының ломбардқа микрокредитті қайтаруды орындауын қамтамасыз ету болып мыналар табылады: Цепь обычная (бұдан әрі - Кепілдік мүлік). Кепілдік мүліктің толық сипаттамасы Шарттың №1 Қосымшада көрсетіледі.

1.12. Қарыз алушы Кепілдік билет бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, Ломбард мынадай шараларды қолдануға құқылы:

- 1) Қарыз алушыдан микрокредит сомасын мерзімінен бұрын өтеуді және сыйақы мен тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге;
- 2) микрокредитті қайтару мерзімі өткеннен кейін кепіл мүлкінен өндіріп алуға, оның ішінде нотариустың атқарушылық жазбасы негізінде;
- 3) кепілдік мерзімі аяқталғаннан кейін сауда-саттықты жүзеге асырмай Кепілдік мүлікті соттан тыс сатуды жүргізуге құқылы.

1.13. Кепілдік билеттің қолданылу мерзімі: оған қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және Қарыз алушы міндеттемелерді толық орындағанға дейін әрекет етеді.

1.14. Ломбардтың пошта және электронды мекен-жайы туралы ақпарат, сондай-а оның ресми интернетресурсы туралы деректер:

- 1) пошталық мекенжайы: Астана қ. қ., пр-т Богенбай батыра, д.63, оф.4;
- 2) электрондық мекенжайы: Lombarddoverie8@gmail.com;
- 3) Ломбард сайты:

1.15. Ломбард Кепілдік билет бойынша құқықты (талапты) үшінші тұлғаға берген жағдайда, Кепілдік билет шеңберінде Ломбардтың Қарыз алушымен өзара қарым-қатынастарына Қазақстан Республикасының заңдарымен қойылатын талаптар мен шектеулер Қарыз алушының құқық (талап) берілген үшінші тұлғамен құқықтық қатынастарына қолданылады.

1.16. Кепілдік мүлік Ломбардтың иелігінде және сақтауында қалады. Кепілдік мерзімі - Ломбард Кепілдік мүлікті сату құқығын қолданбастан, микрокредит сомасын өтеу мерзімі өткеннен кейін Ломбардта кепіл мүлкін сақтауды жүзеге асыруға міндеттенетін 30 күнтізбелік күнді құрайтын уақыт кезеңі.

1.17. Шартқа электронды түрде қол қойылған жағдайда Қарыз алушыны сәйкестендіру және аутентификациялау үшін бірегей сәйкестендіргіші қолданылады, ол Қарыз алушыға ұялы абоненттік нөмірге SMS хабарламалар арқылы жіберілген әріптер, сандар немесе белгілердің жиынтығы болып табылады.

1.18. Тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің елу еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде күнтізбелік қырық бес күнге дейінгі мерзімге жасалған кепіл билеті бойынша:

- 1) сыйақы мөлшері берілген шағын несие соммасының 20% (жиырма пайызынан) аспауы тиіс;
- 2) шағын несие соммасын қайтару және (немесе) сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсемақының) мөлшері мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттеме соммасының 0.3% аспауы тиіс;
- 3) шағын несие нысанасын қоспағанда, Қарыз алушының кепілдік билетте көзделген сыйақы мен тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсемақының) соммасын қоса алғанда, кепілдік билет бойынша барлық төлемдер жиынтығында кепілдік билеттің барлық қолданылу кезеңі үшін берілген шағын несие соммасынан аспауы тиіс;
- 4) шағын несие соммасын ұлғайтуға тыйым салынады;
- 5) талаптардың келісімі бойынша қолданыстағы немесе жақсарту талаптарында шағын несие беру туралы шарттың қолданылу мерзімі ұзартылуы мүмкін.

1.19. Шағын несие беру және ломбардта заттарды кепілге салу туралы Шарт кепіл билетін беру арқылы жасалады.

2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Қарыз алушының құқықтары:

- 1) микрокредиттер беру қағидаларымен, микрокредиттер беру бойынша Ломбард тарифтерімен танысуға;
- 2) егер негізгі борышты және (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түскен жағдайда, тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлемей, негізгі борышты және (немесе) сыйақыны одан кейінгі жұмыс күні төлеуге;

- 3) Ломбардқа микрокредит сомасын тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлемей мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтаруға;
- 4) Ломбард Қарыз алушымен жасалған шарт бойынша құқықты (талапты) басқаға берген жағдайда, үшінші тұлғамен келіспеушіліктерді реттеу үшін банк омбудсменіне жүгінуге;
- 5) алынатын қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде Ломбардқа жазбаша өтініш жасауға құқылы.
- 6) кепілдік мерзімі ішінде реттеу үшін себептер мен негіздерді көрсете отырып, өз берешегін реттеу туралы өтінішпен Ломбардқа жазбаша жүгінуге құқылы. Бұл ретте жазбаша өтінішке Ломбард қызметкерлерінің қатысуымен қарыз алушы өз қолымен қол қоюға тиіс;
- 7) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен өз құқықтарын қорғау.

2.2. Ломбардтың құқықтары:

- 1) Қарыз алушыдан қажетті ақпарат пен құжаттарды сұратуға және алуға;
- 2) себептерін түсіндірместен микрокредит беруден бас тартуға;
- 3) Қарыз алушы микрокредиттің кезекті бөлігін қайтару және (немесе) күнтізбелік қырық күннен астам сыйақы төлеу үшін белгіленген мерзімді бұзған кезде микрокредит сомасын және ол бойынша сыйақыны мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге;
- 4) микроқаржылық қызмет туралы заңнамада көрсетілген тұлғаларға микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықты (талап етуді) беруге;
- 5) Қарыз алушының өтініші бойынша тауарлар, жұмыстар немесе қызметтер үшін ақы төлеу мақсатында екінші деңгейдегі банктер арқылы үшінші тұлғаға микрокредит аударуды жүзеге асыруға;
- 6) Кепілдік билеттің шарттарын Қарыз алушы үшін жақсарту жағына қарай біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы.

2.3. Ломбард міндетті:

- 1) Қарыз алушыдан міндеттемелерді орындауды қабылдауға;
- 2) Қарыз алушы Ломбард алдында өз міндеттемелерін орындағаннан кейін Қарыз алушыға міндеттемелердің орындалуын растайтын құжатты беруге және Кепілдік билетке сәйкес Кепілдік мүлікті дереу қайтаруға;
- 3) ұйымның Кепілдік билет бойынша құқығының (талап етуінің) үшінші тұлғаға өту талаптарын қамтитын Кепілдік билетті (бұдан әрі - талап ету құқығын басқаға беру шарты) жасасу кезінде Қарыз алушыны хабардар етуге:
 - талап ету құқығын басқаға беру шартын жасасқанға дейін құқықтардың (талап етудің) үшінші тұлғаға өту мүмкіндігі туралы, сондай-ақ Кепілдік билетте көзделген тәсілмен осындай басқаға беруге байланысты Қарыз алушының дербес деректерін өңдеу туралы;
 - талап ету құқығын басқаға беру шартын жасасқан күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде үшінші тұлғаға (шарт бойынша құқық (талап ету) өткен тұлғаның атауы мен орналасқан жері) микрокредитті өтеу бойынша одан әрі төлемдердің тағайындалуын, берілген құқықтардың (талаптардың) толық көлемін, сондай-ақ негізгі борыштың, сыйақының, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мерзімі өткен және ағымдағы сомаларының және Қарыз алушы төлеуге тиісті басқа да сомаларының қалдықтарын көрсете отырып, Кепілдік билетте көзделген тәсілмен құқықтардың (талап етудің) үшінші тұлғаға өтуі туралы;
- 4) алынатын қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған жағдайда "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңының 8-бабында белгіленген мерзімде Қарыз алушыға жазбаша нысанда жауап беруге;
- 5) Ломбард Кепілдік билетте көзделген тәртіппен жақсартушы шарттарды қолданған жағдайда, Қарыз алушыны Кепілдік билет талаптарының өзгергені туралы хабардар етуге;
- 6) Кепілдік билетке Тараптар қол қойған Микрокредитті өтеу кестесін қоса беруге міндетті (егерде қосылу Шартта бар болса);
- 7) Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңында көзделген жағдайларда шағын несие беруден бас тарту;
- 8) Шағын несиелер беру ережелерінің көшірмесімен қосылу шартты Ломбард қарыз алушының назарына және танысуына қол жетімді жерге және бар болған жағдайда интернет-сайтында орналастыруы керек;

- 9) орналасқан жері өзгерген не атауы өзгерген жағдайда, бұл туралы уәкілетті органға жазбаша, сондай-ақ Қарыз алушыларды (өтініш берушілерді) микроқаржы ұйымының орналасқан жері бойынша, сондай - ақ Қарыз алушы (өтініш беруші) - жеке тұлғаның заңды мекенжайы бойынша және Қарыз алушы (өтініш беруші) - заңды тұлғаның орналасқан жері бойынша екі баспа басылымында қазақ және орыс тілдерінде тиісті ақпаратты жариялау арқылы не әрбір Қарыз алушыны (өтініш берушіні) осындай өзгерістер енгізілген күннен бастап отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей хабардар етуге;
- 10) өтініш берушіге микрокредит алуға, оған қызмет көрсетуге және оны өтеуге (қайтаруға) байланысты төлемдер туралы толық және дұрыс ақпарат беруге;
- 11) микрокредит беру құпиясын сақтауға;
- 12) микроқаржы қызметі туралы заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында белгіленген өзге де талаптарды сақтауға міндетті.

2.4. Қарыз алушы міндетті:

- 1) алынған микрокредитті қайтаруға және ол бойынша сыйақыны Кепілдік билетте белгіленген мерзімде және тәртіппен төлеуге;
- 2) Ломбард талабы бойынша қажетті ақпарат пен құжаттарды ұсынуға;
- 3) Ломбардқа микрокредитті өндіріп алу бойынша шығындарды өтеуге;
- 4) Ломбардқа өзінің сауалнамалық деректерінің өзгергені туралы, сондай-ақ оның міндеттемелерін орындауына әсер ететін кез келген мән-жайлар туралы дереу жазбаша хабарлауға;
- 5) мемлекеттік, оның ішінде құқық қорғау және өзге де органдардың кепілге салынған мүлікті алып қою және/немесе алу нәтижесінде туындаған залалды Ломбардқа даусыз тәртіппен өтеуге;
- 6) жеке куәлікті (паспортты), тұрғылықты жерін, ұялы телефон нөмірін, электрондық пошта мекенжайын ауыстырған, сондай – ақ микрокредит алуға арналған сауалнама-өтініште көрсетілген өзге де мәліметтерді, байланыс деректерін/деректемелерін өзгерткен кезде осындай өзгеріс болған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Ломбардқа хабарлама жіберуге міндетті;
- 7) Кепілдік билетте, микроқаржылық қызмет туралы заңнамада және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген өзге де талаптарды орындауға, сондай-ақ жауапкершілік алуға міндетті.

3. ЛОМБАРД ҮШІН ШЕКТЕУ ЛЕР ТӨМЕНДЕГІЛЕРДІ ҚАМТИДЫ

- 1) сыйақы мөлшерлемесін (оларды төмендету жағдайларын қоспағанда) және (немесе) микрокредитті өтеу тәсілі мен әдісін біржақты тәртіппен өзгерту;
- 2) микрокредит бойынша сыйақы мен тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) қоспағанда, кез келген төлемдерді белгілеу және Қарыз алушыдан алу;
- 3) Ломбардқа микрокредит сомасын мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтарған Қарыз алушыдан микрокредитті мерзімінен бұрын қайтарғаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) және басқа да төлемдерді талап ету;
- 4) осы Кепілдік билет бойынша микрокредит сомасын ұлғайту;
- 5) егер негізгі борышты немесе сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түскен және сыйақыны немесе негізгі борышты төлеу одан кейінгі жұмыс күні жүргізілген жағдайда, тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) алу;
- 6) Кепілдік билет бойынша теңгемен берілген микрокредит бойынша міндеттемелер мен төлемдерді кез келген валюталық баламасына байланыстыра отырып, индекстеу;
- 7) осы Кепілдік билетте көзделген жағдайларды қоспағанда, Кепілдік мүлікті пайдалану және оған билік ету.
- 8) коллекторлық агенттікпен осындай шарт жасасу жағдайларын қоспағанда, мәні берешекті сотқа дейін өндіріп алу және реттеу бойынша қызметтер көрсету, сондай - ақ Қарыз алушының берешегіне байланысты ақпаратты жинау болып табылатын үшінші тұлғалармен Шарт (бұдан әрі-берешекті өндіріп алу туралы шарт) жасасуға;
- 9) берешек сотқа дейінгі өндіріп алуда және коллекторлық агенттікте реттеуде болған кезеңде берешекті өндіріп алу туралы сотқа талап-арызбен жүгінуге, берешек коллекторлық агенттікте жұмыста болған кезең үшін сыйақы төлеуді талап етуге, сондай-ақ көрсетілген кезеңде негізгі борыш пен сыйақыны уақтылы өтемегені үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) есептеуге міндетті.

4. КЕПІЛДІК БИЛЕТ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ БҰЗҒАНЫ ҮШІН ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУ АПКЕРШІЛІГІ

- 4.1. Ломбард кепілге салынған мүліктің жоғалуы, сақталуы немесе зақымдануы үшін, егер жоғалу немесе зақымдану еңсерілмейтін күштің салдарынан болғанын дәлелдей алмаса, жауапты болады. Сондай-ақ Ломбард, егер кепілдік мүліктің жоғалуы немесе зақымдануы ереуілдер, жаппай тәртіпсіздіктер, халықтық және әскери толқулар және т.б. салдарынан үшінші тұлғалар жасаған ұрлау салдарынан болған жағдайда жауапкершіліктен босатылады, алайда бұл ретте Ломбард кепілге салынған мүліктің сақталуын қамтамасыз ету үшін өзінің қолынан келетін барлық шараларды қолдануға міндетті.
- 4.2. Қарыз алушы Кепілдік билет бойынша міндеттемелердің орындалуына жауапты болад

5. КЕПІЛДІК БИЛЕТТІҢ ШАРТТАРЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

- 5.1 Қарыз алушының ақшалай міндеттемелері сомасының (мөлшерінің) және (немесе) оларды төлеу мерзімінің өзгеруіне әкеп соғатын микрокредиттің шарттары өзгерген жағдайда Ломбард қосымша келісім жаңа кестесін жасайды және Қарыз алушыға береді.
- 5.2. Микрокредитті мерзімінен бұрын ішінара өтеген кезде сыйақының келесі сомасы негізгі борыш қалдығына қайта есептеледі және Қарыз алушыға жаңа өтеу кестесі бар жаңа Кепілдік билет беріледі. Бұл ретте, шағын несиені өтеу кестесіне қол қойылмайды және «Шағынқаржы қызметі жөніндегі» ҚР Заңының 4-бабы 3-1-тармағында көрсетілген кепіл билетін жасасқан жағдайда кепіл билетіне қоса берілмейді және шағын несиені өтеу шағын несие мерзімінің соңында біржолғы төлеммен жүзеге асырылады.
- 5.3. Қарыз алушы (оның ішінде үшінші тұлға жеке басын куәландыратын құжатты және Кепілдік билетті көрсеткен кезде, сондай-ақ Ломбардқа смс хабарлама жіберу немесе электрондық поштаға хабарлама жіберу арқылы хабарлау жолымен) микрокредит беру шарттарын сақтай отырып, қарыздың пайдаланылған күндері үшін Ломбардқа сыйақы төлеген жағдайда, Ломбард Кепілдік билетін ұзартуы мүмкін (Ломбардтың қалауы бойынша, себептерін түсіндірмей мерзімін ұзартудан бас тартуы мүмкін). Бұл ретте микрокредит берудің жалпы мерзімі микрокредит алған күннен бастап 12 (он екі) айдан аспауы тиіс.
- 5.4. Ломбард Қосылу шартына ломбардтың сайтында жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы және ломбардтың құрылымдық бөлімшелерінде және/немесе баспа түрінде төмендегілер туралы. Егер оларда өзгеше көзделмесе, олар қолданысқа енгізілгеннен кейін жасалған Кепіл билеттеріне қолданылады.
- 5.5. Қосылу шартына өзгерістер мен толықтырулар қолданысқа енгізілгенге дейін мұндай өзгерістер мен толықтырулар Ломбард пен Қарыз алушының арасында Кепіл билеттеріне қосымша келісімдер жасалған жағдайда қолданылады.
- 5.6. Тараптар Кепіл билетіне қосымша келісім жасасу арқылы Қосылу шартының талаптарына өзгерістер енгізе алады. Мұндай өзгерістер осы Кепіл билетінің Тараптардың қатынастарына қолданылатын болады.

6. БАСҚА ДА ШАРТТАР

- 6.1. Осы Кепілдік билетке қол қоя отырып, Қарыз алушы Ломбардқа Қарыз алушының дербес деректерін жинауға және өңдеуге және пайдалануға (қағаз тасығыштарда және/немесе Ломбардтың деректер базаларында және/немесе жиымдарында электронды форматта жинауды, өңдеуді және сақтауды қоса алғанда), сондай-ақ Қарыз алушы туралы ақпаратты кредиттік бюро мен ішкі істер органдарына нысан бойынша (Шарттың №4 Косымша) ұсынуға сөзсіз жазбаша келісімін береді.
- 6.2. Осы Келісімге қол қою, оған өзгертулер мен толықтырулар, сондай-ақ микрокредит беруге байланысты өтініштер, сауалнамалар мен келісімдерді Қарыз алушы келесі жолдармен жүзеге асырады:
- 6.2.1. Қарыз алушыға ломбард базасында тіркелген ұялы телефон нөміріне SMS-хабарламалар арқылы жіберілген әріптер, сандар немесе символдардың тіркесімі болып табылатын бірегей сәйкестендіргіш пен бір реттік динамикалық түрде жасалынатын парольді пайдалану;

6.2.2. Қарыз алушының ломбардқа жеке келуімен.

6.3. Қарыз алушы кепіл билеті бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алған куннен бастап кунтізбелік 30 (отыз) кун ішінде кепіл билеті бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алудың туындау себептері, кірістері және кепіл билетінің талаптарына өзгерістер енгізу туралы өзінің арызын негіздейтін басқа да расталған мән-жайлар (фактілер) туралы мәліметтерді қамтитын өтінішпен ломбардқа жеке өзі жүгінуге құқылы;

1) Ломбард қарыз алушының өтінішін алған куннен кейін кунтізбелік 15 (он бес) кун ішінде кепіл билетінің талаптарына ұсынылған өзгерістерді қарауға және қарыз алушыға жазбаша нысанда келісімі, берешекті реттеу жөніндегі өз ұсыныстары немесе дәлелді бас тарту туралы хабарлауға тиіс;

2) Ломбард негізгі борышты, сыйақыны және тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімақыны) қоса алғанда, берешекті қарыз алушының келісімін алмастан, нотариустың атқарушылық жазбасы негізінде, мынадай жағдайларда өндіріп алуға құқылы:

- қарыз алушының тараптардың келісімі бойынша берешекті реттеу және қарыз алушының міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алған куннен бастап кунтізбелік 30 (отыз) кун ішінде берешек бойынша өтініш бермеуі ломбардқа жүгінбеуі;

- Қарыз алушының өтінішін қарау нәтижелері бойынша берешекті реттеу жөніндегі келісімге қол жеткізбеуге және қарыз алушының берешек бойынша қарсылықтарды ұсынбауына байланысты туындайды.

Қарыз алушының берешек бойынша өтініш бермеуі оның міндеттемені орындамаудағы кінәсін мойындауы болып табылады.

6.4. Кепілдік мүлікті сақтандыру талап етілмейді.

6.5. Кепіл билетіне қол қоя отырып, Қарыз алушы Қосылу шарты мен Кепіл билетіндегі, оған қосымшалардағы және шағын несиелер беру Ережелеріндегі талаптармен келіседі, кепіл затын өтеу күнінен кейін бір ай асқан кезде соттан тыс сатуға өз келісімін береді, Ломбард шағын несие алуға байланысты өзінің құқықтары мен міндеттері туралы хабардар етті.

6.6. Қарыз алушы осы Кепілдік билет бойынша берілген шағын несие сомасын қайтармауы себепті Ломбард кеткен шығындарын жабу үшін Кепілдік мүлікті бағалау құнынан төмен бағада сатқан жағдайда, Ломбардқа кінәрат-талап қоя алмайтынымен келіседі.

6.7. Кепілдік мүліктің сатылуына немесе осындай мүліктің Ломбардтың меншігіне өтуіне байланысты Кепілдік билет әрекет етуін тоқтатады.

6.8. Кепілдік билет қазақ және орыс тілдерінде екі данада, әрбір Тарап үшін бір-бір данадан қазақ және орыс тілдерінде жасалды. Мәтіндер әртүрлі оқылған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алу туралы келісімге келді.

7. ТАРАПТАРДЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

ТОО «Ломбард «Доверие» Астана қ.,
пр-т Богенбай батыра, д.63, оф.4

БСН 171140033987

ЖСК KZ288562203111226073

АО «Банк Центр Кредит»

тел.: +7 (747) 940-50-50

Интернет-ресурс:

e-mail: Lombarddoverie8@gmail.com

Қарыз беруші - Ломбард Қарыз алушы
Т.А.Ә. *****

Астана қ., Уялы қ., 17 ү. ЖСН *****

Жеке куәлік № берілген күні **ж БСК КСJBKZKX
берген орган ҚР ИМ. тел.: 77768031982

e-mail: Lombarddoverie8@gmail.com

